

Қару-жарақты, әскери техниканы, сондай-ақ оларды өндіруге байланысты шикізатты, материалдарды, жабдықтарды, технологиялар мен қызмет көрсетулерді экспорттық бақылаудың автоматтандырылған жүйесін енгізу жөніндегі қосымша шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 19 тамыз N 1025

Қару-жарақты, әскери техниканы, сондай-ақ олардың өндіруге байланысты шикізатты, материалдарды, жабдықтарды, технологиялар мен қызмет көрсетулерді экспорттық бақылаудың автоматтандырылған жүйесін енгізу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қару-жарақты, әскери техниканы, сондай-ақ олардың өндіруге байланысты шикізатты, материалдарды, жабдықтарды, технологиялар мен қызмет көрсетулерді экспорттық бақылаудың автоматтандырылған жүйесін әзірлеу мен енгізудің Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі ұсынған жоспар кестесі бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі Сыртқы істер министрлігімен, Қорғаныс министрлігімен, Ғылым министрлігі - ғылым академиясымен, Кеден комитетімен, Ұлттық қауіпсіздік комитетімен бірлесіп жоспар-кестеде көзделген шаралардың орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Қару-жарақты, әскери техниканы, сондай-ақ олардың өндіруге байланысты шикізатты, материалдарды, жабдықтарды, технологиялар мен қызмет көрсетулерді экспорттық бақылаудың автоматтандырылған жүйесін әзірлеу мен енгізу жөніндегі жоспар-кестеде көзделген жұмыстарды үйлестіру мақсатында Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің 1996 жылғы 23 сәуірдегі N 188 өкімімен құрылған жұмыс тобына жүктелсін.

4. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі техникалық жобаны енгізу жөніндегі жұмыс тобымен бірлесіп, экспорттық бақылаудың автоматтандырылған жүйесін әзірлеу мен іске қосу жөніндегі бас мердігерді белгілесіп, онымен тиісті шарт жасассын.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1997 жылға арналған республикалық бюджеттің жобасын қалыптастыру кезінде экспорттық бақылау жүйесін әзірлеу мен оны іске қосуға, сондай-ақ бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу мен жайластыруға 10 миллион теңге сомасында қаражат бөлуді көздейтін болсын.

6. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп үстіміздегі жылдың шілдесінде Америка Құрама Штаттарының Сауда министрлігімен экспорттық бақылаудың автоматтандырылған жүйесіне арналған техникалық құралдарды жөнелту мен жүйелі бағдарламалық

қамтамасыз етуді беру кестесін келісетін болсын.

7. АҚШ-тан келетін жабдықтар үшін, техникалық және жүйелі бағдарламалық құралдар үшін, сондай-ақ мамандарды оқыту үшін кеден баждары мен алымдарын қоса алғанда, салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер төлеу континентаралық баллистикалық ракеталардың шахталық ұшыру қондырғыларын жоюға, апат жағдайы зардаптарын жоюға және ядролық қарудың таралуына жол бермеуге қатысты Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттары арасындағы 1993 жылғы 13 желтоқсандағы Келісімнің 9-бабына сәйкес, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Заң күші бар Жарлығының /Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы,

1995 ж., N 6, 43-құжат/ 1-бабы 3-тармағының, "Қазақстан Республикасындағы Кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20 шілдедегі N 2368 Заң күші бар Жарлығының /Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің жаршысы, 1995 ж., N 13/ 6-бабының негізінде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 19 тамыздағы
N 1025 қаулысымен
бекітілген

Қару-жараққа, әскери техникаға, сондай-ақ олардың өндірісімен байланысты шикізатқа, материалдарға, технологиялар мен қызметтерге жасалатын экспорттық бақылаудың автоматтандырылған жүйесін әзірлеу мен енгізудің
ЖОСПАР-КЕСТЕСІ

Рет	Шаралар	Орындалу	Орындаушылар
N/N		мерзімдері	

- | | |
|--|--|
| 1. Экспорттық бақылаудың автоматтандырылған жүйесінің әзірленуі мен іске қосылуын қамтамасыз ететін орындаушы кәсіпорынды іріктеу | 1996 Қазақстан Республикасының Өнеркәсіпсауда министрі, жұмыс тобы |
| 2. Ұйымдастыру кестесін, қаржыландырудың көлемі мен тәртібін, экспорттық бақылаудың автоматтандырылған жүйесімен қамтылатын номенклатураның тізбесін әзірлеу
Экспорттық бақылаудың автоматтандырылған жүйесі қондырылатын министрліктер мен мемлекеттік комитеттердің тізбесін айқындау | -"- Орындаушы, жұмыс тобы |
| 3. Экспорттық бақылаудың автоматтандырылған жүйесіне қойылатын негізгі талаптарды, сынақ бағдарламалары мен әдістемелерін әзірлеу | -"- Бұл да сол |
| 4. Экспорттық бақылау жүйесіне қатысушы министрліктер мен мемлекеттік комитеттердің техникалық жарақтануы мен бағдарламалық қамтамасыз етілуі деңгейін талдау | -"- Бұл да сол |
| 5. Экспорттық бақылаудың автоматтандырылған жүйесін дәлелдеу және дайындау мен жүйенің жобалау, жүзеге асыру және пайдалану құнын бағалау жөнінде түсіндірме хат әзірлеу | 1996 жылдың тамыз-қыркүйегі |
| 6. Экспорттық бақылаудың автоматтандырылған жүйесінің бағдарламалық қамтамасыз етілуін әзірлеу | 1996 жылдың қаңтар-ақпаны |
| 7. Министрліктер мен мемлекеттік комитеттердегі экспорттық бақылаудың автоматтандырылған жүйесін ұйымдастыру жөніндегі бағдарламалық-техникалық құралдарды монтаждау. | 1997 жылдың ақпан-наурызы Орындаушы, жұмыс тобы |

Бағдарламалық техникалық құралдардың ақпаратты қорғаудағы беріктігін бақылау. Министрліктер мен мемлекеттік комитеттердің мамандарын оқыту

8. Экспорттық бақылаудың автоматтандырылған жүйесінің бағдарламалық-техникалық құралдарын кешенді күйіне келтіру және ведомствоаралық байланыстарды ұйымдастыру 1997 жылдың Орындаушы наурызы
9. Экспорттық бақылаудың автоматтандырылған жүйесін пайдалануды іске қосу 1997 жылдың Орындаушы. наурыз-сәуірі жұмыс тобы
10. Экспорттық бақылаудың автоматтандырылған жүйесінің кепілдік ілеспелігі сәуір-қазаны Орындаушы
11. Экспорттық бақылау жүйесін құруға қатысушы министрліктер мен мемлекеттік комитеттердің мамандарын оқыту мен даярлау орталығын құру 1997 жылдың АҚШ Сауда қаңтар-сәуірі министрлігі. нің өкілі, Қазақстан Республикасы. ның Өнеркәсіп. саудамині, жұмыс тобы, Орындаушы
12. Nunn-Luger бағдарламасы бойынша құрал-жабдықтарды жеткізу 1997 жылдың Бұл да сол қаңтар-наурызы
13. Жабдықтарды монтаждау 1997 жылдың Бұл да сол ақпан-сәуірі
14. Экспорттық бақылаудың автоматтандырылған жүйесінің бірінші кезеңі. нің бағдарламалық қамтамасыз етілуін жаңа техникалық құралдарын енгізу жағдайына бейімдеу 1997 жылдың Бұл да сол наурыз-тамызы
15. Экспорттық бақылаудың Nunn-Luger бағдарламасы бойынша келіп түскен техникалық және жүйелі бағдарламалық құралдарға бейімделген автоматтандырылған жүйесін іске қосу 1997 жылдың Орындаушы, тамыз-қыркүйегі жұмыс тобы

16. Экспорттық бақылаудың автоматтан. 1997 жылдың АҚШ Сауда
дырылған жүйесінің кепілдік қыркүйегі министрлігі.
ілеспелігі 1998 жылдың нің өкілі,
қыркүйегі Орындаушы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК